

● Мәселе

2020 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойған еді. Осы комиссияның өңірлік жұмыс тобының мүшесі ретінде еңбектеніп жатқанымызға біраз айдың көлемі болды. Президент Жарлығы кеңестік дәуіріндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтауды көздейді. Халқымыздың осы дәуірде көрген зардабы көп. «Ақ пен қызыл соғысы», колхоздастыру, тәркілеу, репрессия, аштық, Ұлы Отан соғысы және тағы да басқа оқиғалар мен тоқсаныншы жылдары ақтауға ілінбей қалған адамдар бар. Әр оқиғаның, әр адамның артында тылсым тарихи астар мен мән жатыр. Ал, зерттеушінің міндеті – тарихи шындықтың қабығы мен дәнін ажырата алу болса керек.



Эмиграциялық әдебиет – зерттеуді қажет ететін тың тақырып

Осы тұрғыдан ең бір назар аударуға тұрарлық дүние – «Түркістан легионы» мүшелеріне қатысты материалдар деуге болады. «Түркістан легионында» қарапайым солдаттармен қатар аса білімді зиялы қауым өкілдері де болды. Осы мақалада сондай бір зиялы қауым өкілдері нем олардың шығармашылық қырлары туралы сөз қозғамақпыз. Олардың шығармашылығы негізінде кеңестік дәуірінде эмиграциялық әдебиет пайда болған.

Эмиграциялық әдебиеттің тууына себепші болған – әртүрлі кезеңдегі қуғын-сүргін, зобалаңнан шетелдерге ауып кеткен адамдар тағдыры. Өз еліндегі қыспақтың салдарынан, әсіресе, социализм бүлігінен кеп төперіш керіп, жер жүзіне тарыдай шашыраған қазақтар негізінен Қытай, Түркия мен Еуропаға бет алған. Сондай бір жат жердегі атақты қазақ жазушысы Хасан Оралтай өзінің автобиографиялық «Елім-айлап өткен емір» кітабын жазды (Стамбул, 1999ж). Кітапта сонау 1944–1945 жылдары Шыңжаң жерінде құрылған Шығыс Түркістан Ислам жұмхияретінен бастап, 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алуына дейінгі аралықтағы қызу саяси өмір суреттелген. Автор кітапта Қытай қазақтарының дінсіз коммунистерге қарсы соғысын шынайы баяндайды. Негізі, біз сөз еткен Хасан Оралтай біраз жыл бойы Американың КСРО-ға қарсы құрылған «Азаттық» радиосында қызмет еткен. Ол саяси күреске бейім, ұлтшылдық сарынды ұстанған жазушы болды.

«Қазақстан» газеті, 24 қараша, 2004 жыл; Уақап Қыдырханұлы. Шерменде ақын, шексіз мұң. «Егемен Қазақстан» газеті, 26 қаңтар, 2005 жыл). 1945 жылы америкалық әуе шабуылы кезінде Берлин қаласында қаза тапқан, шығармаларын «Қобызшы Қорқыт» деген лақап атпен жариялаған Мәжиттің елендерінен де үзінді келтірейік:

*Жазылмай зардың ізі келбеттен де,
Жанымды жас баладай тербеткенде.
Болды елес Алтай бөлі, Арқа жері,
Шет жұртта шерлі жүрек ер жеткенде.
Атасы асқарлардың аялы Алтай,
Саялы Сарыарқаға саялы Алтай.
Қырмызы қызыл гүлді жер жұмағы,
Қарт Алтай, қадірлі Алтай, баяғы Алтай.
Ақ қарлы, ала асқарлы Алтай қандай?!
Көзіме алтын арай Алтай таңдай.
Алтайды аңсай-аңсай алыс жерде,
Жас жаным қайғыменен қартайғандай.
Ел қайда Алтайдағы өз елімдей?
Ер қайда Алтайдағы өз ерімдей:
Алтайда астам өскен кезді ойласам,
Көз жасым ағады Алтай өзеніндей.
Ыстық төн бұл кездегі судай суып,
Секундым өтіп барад секунд қуып.
Амал жоқ әлдилеймін өзімді-өзім,
Ұшпайды қосаң өшкен жібекпен жүйең...*

Американың КСРО-ға қарсы құрылған «Азаттық» радиосында қызмет еткен. Ол саяси күреске бейім, ұлтшылдық сарынды ұстанған жазушы болды.

Эмиграциялық әдебиеттің тағы бір көрнекті өкілі – Мұстафа Шоқай. Ол 1929 жылы Парижде «Яш Түркістан» деген атпен журнал шығарып тұрған. М.Шоқай большевиктерді жақсы таныған, өмірінің соңына дейін большевизммен күресіп өткен жан. Бір сөзінде «иә, большевиктердің есінен ешқашан шықпайтын және бірінен екіншісіне ауысып отыратын бір өнерлері бар. Ол ұятсыздық, ождансыздық, өтірік, өсек» дейді (М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 2007, 154-б). Ол өзіндік саяси ұстанымында түрікшілдік идеясын ту еткен тұлға. Дархан Қыдырәлі атты тарихшы 1932 жылы «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Домбырама құлақ сал» өлеңін «Мұстафа Шоқайдың шығармасы ма екен?» дейді (Д.Қыдырәлі. «Эмиграциядағы Түркістан әдебиеті» // «Қазақ әдебиеті» газеті, 29.10.2004). Ол өлең мынау:

Домбырамның құлағын бұрай алмаймын,
Бұрай алмасам, ширғып, тұра алмаймын.
«Бай мен кедей тең» деген тентек орыс,
Тең болғанды дүниеде көре алмаймын.
Құрғақ отты қайнатсаң ас болмайды,
Қара балшық, құрғатсаң тас болмайды.
Жұрттың бұл өзінен болмақ керек,
Қызыл орыс қырғызға бас болмайды.
Түкті жерді жайлаған байлар қайда?
Кісінеген, тебісіп тайлар қайда?
Жылқыдағы торының жалын тұтып,
Құла дүзде ойнаған айлар қайда?
Қазақ түйе көрмейді ауылдарда,
Қырғыз бие көрмейді қияларда.
Түрік баласы қалмады, қанқор орыс,
Өрмекшідей ау құрды ұяларда!
«Коммунистік» дегенің тұзақ екен,
Айтқан сөзің өзіңнен ұзақ екен.
«Тауарих» деп алдадың туғаныңды,
«Азаттық» деп айтқаның – тұзақ екен.
Жоғарыдан келемін, жолаушымын,
Бабалардың жолын мен құраушымын.
Қызылдардың қырғынын күні келіп,
Құнын қайтып өзіңнен сұраушымын.
Алыс екен келген жол, жете алмаймын,
Ел есіме түскенде жата алмаймын.
«Кеткен өнді келмес» деп айтпа, ақымақ,
Жаным құрбан, жұртымды сата алмаймын.
«Қызыл көшіп келеді Алматыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына».
Түркістанның түріктігін білмек керек,
Мен сенбеймін орыстың қалмағына.
Қара торы атыммен есе алмаймын,
Ақ қымызды сіміріп іше алмаймын.
«Жұрттан кетті» демеңіз қызыл қорқау,
Өлгенімше елімнен кете алмаймын.
Домбыраның айтқанын тыңдадың ба?
Құлақ салып, жақсылап түсіндің бе?
Болмағанға болар деп таң қалмаңыз,
Түркістанның түрік болғанын білмедің бе?

Эмигрант жазушылардың тағы бір тобын Ұлы Отан соғысында фашистердің қолына түскен тұтқындар десек болады. Олардың біреуі – Мәжит Айтбаев. Ол жау қолына түскеннен кейін Берлин қаласында «Түркістан ұлттық бірлік комитетінің» мүшесі атанып, «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы болған. 1943 жылы Берлинде «Абылай хан және басқа өлеңдер» атты кітап шығарған. Ол кітаптың ксерокөшірмесін 1991 жылы Анкарада тұратын Ұядан Ақай деген қазақтан Сауытбек Абдрахманов алып келген екен (Жиырмамыншы ғасыр жырлайды. Қазақ поэзиясының антологиясы (Сауытбек Абдрахманов) // «Егемен

Секундым өтіп барад секунд қуып.

Амал жоқ әлділеймін өзімді-өзім,
Жанымды көзден аққан жаспен жуып.
Шығыстаң таң саз беріп атқан шақта,
Ой бөлмеі әрестің тар бәсе зағқа.

Қысқан соң жас жанымды қайғы-қасірет,
Талған көзбен қараймын Алтай жаққа.
Жас жүрегім сол кез толқып селдей,
Туған жерді еске алад, жанды тербей,
Шет жерлерде шынымен жермен шіріп,
Өтер ме өмірім, өткен күн қайтып келмей!

Ұлы Отан соғысына қатысып, фашистердің тұтқыны болған тағы бір эмигрант ақын – Мәулікеш Қайбалдин. Ол соғыстың алдында Мәскеу университетінің тіл және әдебиет факультетін үздік бітірген. Соғыс жылдары қолға түскен соң Франкфурт университетінің неміс филологиясы мен ағылшын факультетінде оқып, 60 жылдары Германияда қайтыс болған. Шетелде «Асан қайғы» деген лақап атпен танылған Мәулікеш ақынның неміс ақынынан тәржімалаған өлеңі мұрағатта сақталыпты:

Мен сұрасам жолаушыдан:

«Барасың қайда жол шөгіп?»

«Үйге барам, үйге барам!»

Дейді ол ауыр күрсініп.

Мен сұрасам жолаушыдан:

«Барасың қайда тартып жол?»

«Үйге барам, үйге барам!»

Жайдарланып дейді ол.

Мен сұрасам жолаушыдан:

«Бақытың қайда гүлдейді?»

«Үйімде менің, үйімде!» –

Жайдарланып ол дейді.

Жолаушы менен сұраса:

«Жүрегіңде қандай шоқ?»

Қайта алмаймын үйіме,

«Енді менде Отан жоқ!» (Мұстафа мен Мағжан –

Тұран елінің даналары, Алматы 1993 ж. құр. Хамза Абдуллин мен Қайыржан Қасенов.72-б).

Ұлы Отан соғысына қатысқан тұтқын ақындардың арасында Мағжанның туыс інісі Хамза Абдуллин де болған екен. Ол көйін елге оралып, Сталин лагерлерінің дәмін татқан. Хамза эмиграцияда «Сайран» деген лақап атпен шығарма жазған. Сол шығармаларының арасында «Түн перісі» атты коммунизм туралы тарихи баллада бар. Онда ол:

Өтті содан талай қапас замандар,

Елді басты, тілсіз, дінсіз надандар.

Ойын салды, гүлді өлкемді таптады.

Ұят, намыс, ақыл, ардан, амандар, – деген.

Кеңестік кезеңдегі эмиграциялық қазақ әдебиеті өлі де жіті зерттелуі керек. Олардың шығармаларының негізгі мотиві – елге деген сағыныш, тіл, дін, ұлттық һәм біртұтас түрік елі идеясын аңсау болып келеді. Олардың араларында Халифа Алтай сынды дінді өз өмірінің мәні деп түсінген тұлғалар да бар. Халифа Алтай – Қытай, Кашмир, Түркия эмиграциясында болған қазақ. Оның ұлтқа еткен үлкен бір жақсылығы – Құран Кәрімді қазақшаға тәржімалап беруі. Ол аударған Құран Кәрім 1991 жылы Медине қаласындағы Құран комбинатынан сапалы түрмен басылып шықты. Дәл осы кезде қазақ халқы дінге сусап, шөлдеп отырған кез болатын. Сол шақта Халифа Алтайдың Құраны таңдайы кеуіп, дінді аңсап, жүректері сыздаған жандарға бір жұтым су һәм дәрі-дәрмек есебінде болды. Жалпы, кеңестік дәуірдегі эмиграциялық әдебиет – көп зерттеуді қажет ететін тың тақырып.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
ф.ғ.к., доцент,

Шымкент қалалық қуғын-сүргін құрбандарын
ақтау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі.